

8. Женетт Ж. Палимпсесты: литература во второй степени, 1982; рус. перевод 1989.

9. Арнольд И.В. Читательское восприятие интертекстуальности и герменевтика // Интертекстуальные связи в художественном тексте (Межвузовский сборник научных трудов). – СПб.: «Образование», 1993. – С.4-12; Проблемы диалогизма, интертекстуальности и герменевтики (в интерпретации худ.текста). – СПб.: «Образование», 1995. – 60с.

10. Бахтин М.М. Лит.-критические статьи– М.: Худ.лит-ра, 1986. – 543 с.

11. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. - М.: ИТДГК “Гнозис”, 2003. – 288 с.

Түйіндеме

Мақалада интермәтіннің жүйелік бірліктері мен қасиеттері қарастырылған.

Resume

The properties and system units of intertexture were considered in this article.

ӘӨЖ 811. 512. 122 : 81’ 1

ӘЛЕМДІК БЕЙНЕДЕГІ КОНЦЕПТ – ТАНЫМ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ

З.С. Машрапова

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Адам жас кезінен бастап тіл мен қатар өз ұлтының мәдениетін де меңгереді. Мәдениеттің барлық ерекшеліктері тілде көрініс табады. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін жақсы түсінуге, рухына еніп сол ұлттың әлемдік бейнесін осы ұлттың көзімен көруге мүмкіндік жасайды. Бір тілде қызмет ететін концепттер көбінесе басқа тілге аударғанда қиындықтар туғызады, сондықтан өзге мәдениет өкілдеріне үйреткенде жиі түсіндіруді қажет етеді. Әртүрлі тілдердегі концептілерді салғастыра зерттеу қоршаған ортаны адам санасының қабылдауы, табиғат пен өзара байланыс қандай тәжірибеде және концепттерде көрінеді және оны тану мәдениеті халықтың менталитеті, дүниетанымының ерекшелігі қалай айқындалады деген қиын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді [1,4б]. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай

терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, мәдениет атауының мәні кең. Әсіресе ұлттың ерекшелігін, таным түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды мәдени концепт ретінде когнитивті тұрғыда қарау қажет.

Әлемнің бейнесін адам жасайды. Әлемнің бейнесі дегеніміз – бұл тіршілік әрекетінің айнадай көрінісі емес, ол оның белгілі бір деңгейдегі түсіндірмесі. Әлемнің бейнесі адамның дүниетанымының өзегін құрайды және оның негізгі қасиеттерін бойына жинайды.

Әлемнің тілдік бейнесі – сананың жемісі, ойлау, болмыс және тілдің әлем туралы ойын жеткізу құралдары ретінде өзара әрекеттерінің нәтижесі. Әлемнің концептуалды көрінісі ұғымының аясы өте кең, себебі оның жасалу барысында ойлаудың көптеген түрлері қызмет атақарады, олардың қатарында тілдің бейвербалды түрлері де кіреді. Берілген ұлттық тілдің нұсқасына тән арнайы тәсілдер мен атау құралдары әлемнің тілдік бейнесінің ажырамас бөлшегі ретінде әлемнің номинативтік көрінісін білдіреді.

Тіл әлемнің ұлттық мәдени көрінісін жүзеге асырады, оларды вербалдандырады, оны сақтайды және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді. Тіл әлемнің ұлттық көрінісінде кездесетін ұғымдардың барлығын белгілей бермейді, олар тек қана бейнелей алады. Біз мәдениеттің тілге алғашқы қатынасы немесе керісінше, тілдің мәдениетке деген қатынасы туралы саналы түрде айта аламыз. Шын мәнінде, осы аталған екі әлемдік бейне бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бұл екі бейнеге қатысты себеп-салдарлық байланысты қолдау мүмкін емес.

Әлемнің тілдік бейнесінде қалыптасатын этникалық менталитет көбінесе белгілі бір тілді тұтынушылардың өздерін қоршаған орта туралы менталды көрінісін сипаттайтын символдық вербалданған бейнелердің мәдени «тірек» концептілері арқылы өзектіленеді.

XX ғасырдың соңында филологияда «концептуалды – мәдениеттанымдылық» бағыт қалыптасты [1,86].

Концепт ұғымы лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А.Вежбицкая), «концепт – біздің нысан туралы білімдеріміздің жиынтығы» (В.Телия), «құдайлық ілімді танудың, сол арқылы, соны ұғыну арқылы халықтың рухын, ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» (В.Фон Гумбольдт) тәрізді анықтамалар беріліп жүр. Жаңа гуманитарлық білімдер саласына концепт терминін алғашқылардың бірі болып, орыс ойшылы С.А. Аскольдов енгізген болатын. С.А. Аскольдов концептінің «орынбасарлық қызметі» оның басты белгілерінің бірі болып саналады деп көрсетеді [2, 85б.]. Concept термині В.З. Демьянковтың пікірі бойынша ағылшын сөздіктерінде «ұғым, идея, жалпы көрініс, тұжырым» мағынасымен берілген [3, 40б].

Концепт термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін саралай келе

концептінің ұғымнан басты айырмашылығы ұғымда энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни концепт ұғымнан кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін берсе, концепттің сөздіктері мағынасымен қатар, алғашқы этимологиясы, басты тарихи белгілерін ғана қалдырып қоймаған, оның қазіргі заман ассоциациясын, бағалауын жинақтаған көп қабатты құрылым. Демек концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді.

Лингвистика саласында қолданылатын концепт термині бір жағынан жаңа, ал екінші жағынан ескі ұғым деп есептеуге болады. А.Вежбицкая «концепт» терминін адамның болмыс әлемі туралы жекелеген белгілі бір мәдени-негізделген көзқарастарымен берілетін шынайы әлемнің объектісі деген анықтамасы лингвистика саласында алдыңғы орынға қойып отыр. А.Вежбицкая мәдениетті жекелеп алған мәдениет үшін ерекше маңызды ретіндегі «тірек сөздер» арқылы қарастырады. Бұл сөздер негізгі мәдениеттің біртұтас салалары шоғырланған орталық нүкте ретінде талданады [4,286 б].

Ю.С. Степановтың зерттеуі бойынша, концепт дегеніміз – ұғым сияқты қалыптағы құбылыс. Орыс тілінде концепт және ұғым сөздері өзінің ішкі формаларына қарай бірдей мағынада болып келеді: концепт латын тілінен калька ретінде алынған *conceptus*- «понятие» сөзі, ол *concipere* «зачинать» деген етістіктен пайда болған, яғни сөзбе-сөз айтқанда «понятие, зачатие»; «понятие» дегеніміз «пяти» етістігінен туындаған, ежелгі орыс тілінде бұл етістік «погати», «понати», «схватить», «вять в собственность», «взять женщину в жены» деген мағыналарда қолданылған. Ю.С.Степанов қазіргі кезде бұл сөздердің нақты айырмашылығы бар деп көрсетеді.

Автордың пікірі бойынша, концепт және ұғым – түрлі салалардың термині болып табылады: оның екіншісі негізінен алғанда логика мен философия салаларында, ал алғашқысы, яғни концепт логиканың бір саласында – математикалық логика, сонымен қатар мәдениеттану саласында қолданылады.

Автор мұнымен қатар концепт адам санасында ұйып қалған мәдениеттің бір түйіршегі деп есептейді; яғни, мәдениеттің адамның менталитеттік әлеміне кіретін күйін автор осылайша айтады. Екінші жағынан алғанда, концепт ұғымы арқылы адам – қатардағы, қарапайым адам болып саналады, яғни адам «мәдени құндылықтарды туындатушы емес», керісінше, сол мәдениетке өзі кіреді, ал кей жағдайда тіпті оған тікелей әсер етеді [5,43 б]. Ю.С.Степановтың пікірінше, ұғыммен салыстырғанда бұл терминнің өзіндік мағынасы тек ойға ғана емес, сонымен қатар күйзеліске түседі. Олар адамның көңіл-күйін, эмоциясын, сүйініші мен күйінішін жеткізетін құрал. Концепт – адам баласының ментальдік әлеміндегі негізгі ұяшық.

Ю.С.Степанов концептінің үш қабатын, яғни үш компонентін бөліп қарастырады: (1) негізгі, өзекті белгі; (2) қосымша, немесе бірнеше қосымша, «пассив» белгілер, бұлар өзекті емес белгілер; (3) «ішкі форма», ол сыртқы, сөздік формада байқалмайтын, танылмайтын концепт.

Концепт терминін талдау барысында көптеген зерттеушілер оның мәнін жан-жақты ашатын ұғымдар ретінде «сөздің ішкі формасы», «прототип» терминдерінде де тоқталады.

М.Т.Күштаева: «Концепт пен ішкі форма» терминдерінің мәнін ажырату қиын. Бұл терминдер сөздердің алғашқы мағынасын, ұлттық мәдени тілдік құбылыстың ерекшелігін түсіндірудің кілті болып табылады. Олардың айырмашылықтары сақталуы мен қызметінде. Сөздің ішкі формасы жоғалып кете алады, ал концепт әрқашан сөзбен бірге өмір сүреді. Сондықтан концепт қатары тұрақты дейді [6, 35 б].

Е.С. Кубрякова, Е.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Г. Луцина құрастырған «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінде концепт терминіне мынадай анықтама берілген: «Концепт – біздің санамыздың және адамның білімі мен тәжірибесін білдіретін ақпараттық құрылымның психикалық немесе ментальдік ресурстары бірліктерін түсіндіруге қызмет ететін термин; адам жадының, ментальді лексиконының, мидың тілі мен концептуалды жүйесінің, адамның психикалық қалпымен сипатталатын әлемнің барлық көрінісінің жедел мазмұндық бірлігі [7, 90 б]». Осы аталған авторлардың ойынша, ең маңызды концептілер тілде кодталады.

Ғалым В.В. Колесов екі терминді бір-бірінен ажырата білу қажеттілігін айтады: *conceptusa* (ұғымдар (понятие) және *conseptuma* («ұрық») («зародыш») сөзімен мағыналас; «дән» («зерно») – тікелей концепт терминіне қатысты [8, 123 б]. Концепт терминінің түбегейлі мағынасын ескере отырып, оны ұғыммен синоним термин ретінде қолданудың қажеті жоқ. Автор концептінің таза болмысты білдіретіндігін айтады, оның тұжырымы бойынша, концептінің мұнда уақыты да, кеңістігі де болмайды; бұл мәңгілік және эмпирикалық жолмен түсінуі мүмкін емес төртінші өлшем.

Концепт шынайы қалыпта болатын, кез келген мәдениет үшін өмірлік қажетті тіл, фонема, морфема және ғылыммен анықталған мазмұн жобасының «ноумендері» сияқты сөзге бейнелі түрде берілетін ой сөйлесімінің болмысын айқындайды. Концепт сөздік таңбаның семантикасында өзгеріске түспейтін термин, керісінше, осы тілдегі сөйлеушілердің таңдауын анықтап және тіл-сөйлесімнің әлеуеттік мүмкіндіктерін жасай отырып, олардың ойлауына белгілі бір бағыт береді.

Концептің жүзеге асырылуының бастапқы формасы бейне болып табылады. Ал концептінің мазмұндық формасы – белгі. Шынайы белгіні шеттен алып пайдалану мүмкін емес, өйткені ол өзінің даму жолында табиғи тілден пайда болады. Бейнені суреттеуге, ұғымды анықтауға, ал белгіні тек түсіндіруге болады. Белгі бейне мен ұғымды, сонымен қатар концептіге оның бір формасы арқылы жақындау мақсатында мән мен құбылысты да тереңірек топтайды.

Н.Д. Арутюнова «концептілер зат есім және етістіктік категориялардың тоғысуының нәтижесінде қалыптасады: етістікті категориялар пікіріндегі, яғни

сөйлемдегі мағынаның қимылын жасаса, зат есімдер – оларды жасалынған, аяқталған факт ретінде белгілейді» - деп тұжырымдайды [9, 102 б].

Сонымен жоғарыдағы ғалымдардың концепт терминіне берген анықтамаларын, ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарын салыстырасаралай келіп, өзім мынандай түйіндеме жасадым: концепт – қоғам туралы түрлі ақпарат беретін ұлттық-мәдени-танымдық ұғымның тіл арқылы бейнеленуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кубрякова Е.С. Проблема субъективности в когнитивной лингвистике // Известия РАН Сер лит и языка, 2005 Т. 64: с. 3-13.

2. Нерознак В.П. Теория словесности старая и новая парадигмы / Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / Под общ. ред В.П. Нерознака. – М., 1997. – 8с.

3. Аскольдов С.А. Концепт и слово/ Русская словесность. Антология. -М., 1997-268с.

4. Демьянков В.З. Понятие и концепт в худ. литературе и в научном языке // Вопросы филологии. – 2001. №1(7). – С. 35-46

5. Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков / Пер. с. англ. А.Д. Шмелева; под ред. Т.В.Булыгиной, - М.: Языки русской культуры, 1999. – I – XII. – 780с.

6. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. Изд. 2-е, испр. И доп М.: Академический проект. – 2001.- 990с.

7. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол. ғыл. канд. ... автореф.- А., 2005.- 24б.

8. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико – фразеологической семантике языка. – Воронеж: Издательство Воронежского государственного университета, 1996. – 104с.

9. Колесов В.В. Философия русского слова. – СПб.: ЮНА., - 2002. - 448с.

Резюме

В статье рассматривается определение понятия «концепт» как основы категории «познания», а также различные взгляды ученых по данной проблематике.

Resume

In the article there is considered the definition concepts as the base of the categories of `cognition`, also given the different views of scientists by this problems.